Елдердің ауқымды сын-қатерлерді еңсеру барысында мемлекетке деген қоғамдық сенім, оның өзгерістерге дайындығы мәселесі ерекше маңызға ие болуда. Неғұрлым тиімді мемлекеттік басқаруға, азаматтардың басқарушылық шешімдер қабылдауға қатысуына сұрау салу тұрақты қалыптасуда.

Мемлекет пен халықтың өзара іс-қимылының әкімшілік-бақылау нысанына негізделген мемлекеттік басқарудың қолданыстағы моделі халықтың үмітіне толық жауап бермейді деп айтуға болады. Осының нәтижесінде негізгі құндылықтар азаматтар мен олардың әл-ауқаты болып табылатын мемлекеттік басқарудың сервистік және «адамға бағдарланған» моделін қалыптастыру қажеттілігі туындады.

Материалдар мен әдістер

Осылайша, Қазақстанда қалыптасқан тәжірибе мемлекеттік басқару реформасы жоспарланған және жүргізіліп жатқан әлеуметтік реформалардың уақтылығы мен оған қол жеткізуге байланысты негізгі проблемалардың бірі болып табылатынын көрсетеді, оның түпкі мақсаты ел азаматтарының әл-ауқатын арттыру болып табылады. Экономикалық реформалардың барысы, қоғамды демократияландыру жолымен ілгерілеу, тұтастай алғанда елді тұрақтандыру және дамыту көбінесе мемлекеттік басқару жүйесі мен мемлекеттік қызметшілердің кәсібилігіне, олардың әрекетке қабілеттілігі мен бастамашылығына, елдің таңдаған бағытын ұстануына байланысты екені айқын болады.

Мемлекеттік басқарудың ұлттық жүйесінің басты адами ресурсы кәсіби мемлекеттік қызметшілер. Мемлекеттік қызметтің табиғаты нақты қарастырылып отырған елдің саяси жүйесіне байланысты өзгеріп отыратындығына қарамастан мемлекеттік қызметтегі және адами капитал ретіндегі мемлекеттік қызметшілерге қатысты негізгі идеялар мен тәсілдер әмбебап болып келеді.

Талқылау және нәтижелер

Мемлекеттік қызметшілер мемлекеттік аппараттың негізін қалайды. Белгілі бір құндылықтар жүйесіне негізделген тиісті біліктілік деңгейіне, нақты дағдыларға ие болып, белгіленген нормалар мен ережелерді сақтай отырып, мемлекеттік қызметшілер өз жұмысын жоғары кәсіби деңгейде атқару қабілетіне ие. Мемлекеттік қызметшінің өзінің қызметтік міндеттерін жоғары кәсіби деңгейде атқаруға деген ұмтылысы мен қабілеті мемлекеттік органның тиімді жұмысының негізгі факторларының бірі болмақ. Мемлекеттік басқарудың тиімділігі кез келген мемлекет-

² Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі атты Мемлекет Басшысының 2020 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауы // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2000002020> (25.04.2022ж.)

³ Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 26 ақпандағы № 522 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқаруды дамытудың 2030 жылға дейінгі «Ең алдымен адамдар» – «адамға бағдарланған» моделін қалыптастыру Тұжырымдамасы // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2100000522> (25.04.2022ж.)

тің дамуы мен азаматтардың өмір сүру сапасын арттырудың негізгі факторы ретінде қарастырылады. Өз кезегінде мемлекеттің мақсаты мемлекеттік қызметшілердің еңбек сапасын жақсарту үшін қажетті жағдайлар мен оларға тиісті талаптар жасау.

Мемлекет басшысы 2022 жылғы 11 қаңтарда Парламент Мәжілісінің отырысында мемлекеттік қызметке іріктеуден өту үшін рәсімдер мен біліктілік талаптарын оңайлату қажеттігіне назар аударды⁴. Қасым-Жомарт Тоқаевтың пікірінше, мемлекеттік қызмет кез келген қазақстандыққа ашық болуы тиіс. Бұл ретте меритократия принципі мемлекеттік аппарат жүйесінде кадрларды іріктеудің және жоғарылатудың негізгі құралына айналуы тиіс.

Мемлекет Басшысының тапсырмаларын іске асыру мақсатында «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Қазақстан Республикасының заңына түзетулерді көздейтін өзгерістер мен толықтырулар әзірленген, онда лауазымдардың жекелеген санаттары үшін конкурстан тыс іріктеуді қолдануды кеңейту, сондай-ақ және қызметшіні одан әрі жоғарылату немесе жұмыстан шығару туралы шешім қабылдауға әкелетін қызметшілердің жұмысын бағалау процесін қайта қарау.

Өз кезегінде конкурстан тыс іріктеуді кеңейтуді Мемлекеттік басқару академиясының, мемлекет есебінен білім алған жоғары оқу орындарының түлектерін тағайындау арқылы жүзеге асыру көзделеді. Бұдан басқа, лауазымдардың ерекшелігіне байланысты уәкілетті орган айқындайтын конкурс өткізу тәртібімен регламенттей отырып, конкурс кезеңдерінің реттілігін алып тастау жоспарлануда.

Қазақстан Республикасының Конституциясында азаматтардың мемлекет істерін басқаруға қатысу құқығы және де мемлекеттік қызметке кіруге тең құқық бекітілген. Бұл ұйымдастырушылық және құқықтық сипаттағы шаралардың тұтас жүйесімен қамтамасыз етіледі.

Конституцияның 13-бабының 1-тармағына⁵ сәйкес әркімнің құқық субъектісі ретінде танылуына құқығы бар және өзінің құқықтары мен бостандықтарын заңға қайшы келмейтін барлық тәсілдермен қорғауға хақылы. Өз кезегінде, адамның және азамат-

тың өз құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыруы басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын бұзбауға, конституциялық құрылыс пен қоғамдық имандылыққа нұқсан келтірмеуге тиіс.

Конституцияның 33-бабына сәйкес республика азаматтарының мемлекеттік қызметке кіруге тең құқығы бар. Мемлекеттік қызметші лауазымына кандидатқа қойылатын талаптар лауазымдық міндеттердің сипатына ғана байланысты болады және заңмен белгіленеді.

Заңнама мемлекеттік қызметке кіретін кез келген азамат орындауға міндетті бірқатар талаптарды, сондай-ақ мемлекеттік қызметке кіруге рұқсат етілмейтін шектеулерді белгілейді.

«Мемлекеттік қызмет туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабына сәйкес мемлекеттік қызметке кіретін адамдар, егер заңнамада тиісті лауазымдарға қатысты өзгеше белгіленбесе, Қазақстан Республикасының азаматтығына ие болуға, жасы он сегіз жастан кем болмауға, қажетті білімі, кәсіптік даярлық деңгейі болуға және белгіленген біліктілік талаптарына сәйкес келуге тиіс.

Азамат мемлекеттік қызметке кіру кезінде салық қызметі органдарына өзінің алған кірістері және өзіне меншік құқығымен тиесілі, салық салу объектілері болып табылатын мүлкі туралы мәліметтерді ұсынуға міндетті.

Қазақстанда мемлекеттік қызметке орналасу базалық лауазымдардан басталады. Әрбір кандидат өзінің жеке қасиеттерін, кәсіби және басқарушылық дағдыларын бағалау үшін тестіленеді, ал мемлекеттік қызметке алғаш рет қабылданушылар үшін іріктеу рәсімі объективті түрде орталықтандырылған. Мансап сатысымен көтерілу қатаң түрде конкурс арқылы, кезең-кезеңімен, дәйекті түрде төменгі лауазымнан жоғары лауазымға дейін. Осылайша, меритократия қағидаты қорғалады және мемлекеттік қызметке іріктеудің рулық, кландық және саяси-командалық тетіктері жойылады.

Бүгінгі таңда мемлекеттік қызмет жүйесі екі үлкен санатқа бөлінеді, бұл саяси мемлекеттік қызметшілер мен әкімшілік мемлекеттік қызметшілер. Саяси мемлекеттік қызметшілерге Президент, Министрлер

⁴ «Қасіретті қаңтар» сабағы: қоғам тұтастығы – тәуелсіздік кепілі 2022 жылғы 11 қаңтардағы Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаевтың Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің отырысында сөйлеген сөзі // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2200002022> (25.04.2022ж.)

⁵ Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды // https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000_ (25.04.2022ж.)

кабинетінің мүшелері, мемлекеттік ведомстволардың басшылары және тағы басқалары жатады. Саяси қызметшілер корпусы саяси шешімдерді әзірлеуге тікелей қатысы бар жоғары лауазымды адамдардан тұрады. Мемлекеттік әкімшілік қызметшілерге жергілікті жерлерде мемлекеттік саясатты іске асыруға тікелей жауапты адамдар жатады.

Мысалы, әкімшілік мемлекеттік қызметшілер бейіндік ведомствоға және лауазымдық ұстанымына қарай А, В, С, D, Е санаттарына бөлінеді, мемлекеттік қызмет саласындағы уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің деректері бойынша 2021 жылдың басында Қазақстандағы мемлекеттік қызметшілердің нақты саны 88 мың 400 адамды құрады. Өңірлік өлшемде мемлекеттік қызметшілердің штат бірліктері бойынша көшбасшы Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі болып табылады – 4 104 адам. Екінші орында Алматы облысы, онда 4 084 мемлекеттік қызметші еңбек етеді, үшінші орында Түркістан облысы, 3 мың 991 мемлекеттік қызметші тартылған. Ең азы Нұр-Сұлтан және Шымкент қалаларының әкімдіктері, олардың штат бірлігі сәйкесінше 934 және 717 адамды құрайды⁶.

Әдетте, саяси және әкімшілік мемлекеттік лауазымдарға қойылатын үлгілік біліктілік талаптары мемлекеттік қызметтегі тәжірибені білдіреді. Бұл талап жастар арасынан жаңа тұлғалардың мемлекеттік қызметке кіруіне жиі кедергі болып табылады. Мемлекеттік қызметке басымдылықпен іріктеу мүмкіндіктері қазіргі уақытта «Болашақ» стипендиясы бойынша магистратураның түлектері, сондай-ақ Президенттік жастар кадрлық резервінің мүшелері үшін қолжетімді.

Мәселен, Қазақстан Республикасы Президентінің «Президенттік жастар кадр резервінің кейбір мәселелері туралы» 2019 жылғы 27 тамыздағы № 141 Жарлығының⁷ 3-тармағына сәйкес резервке іріктеуге отыз бес жастан аспаған, жоғары білімі және кемінде бес жыл жұмыс өтілі бар Қазақстан Республикасының азаматтары қатысады, ал резервке іріктеу мынадай кезеңдерден тұрады: кандидаттардың құжаттарын қабылдау;

мәтіндік және сандық ақпаратпен жұмыс істеу қабілетін бағалау; ахуалдық міндеттерді шешу; құзыреттерді бағалау; резервке іріктеу жөніндегі сараптама комиссиясында кандидаттармен әңгімелесу. Бұл ретте резервке іріктеу кезеңдері ақпараттық жүйелерді пайдалана отырып жүргізілуі мүмкін.

Бүгінгі күні Қазақстан Республикасында жастар үшін мемлекеттік қызметке іріктеуден өту үшін негізгі әлеуметтік лифтілердің бірі «Болашақ» бағдарламасы және Президенттік Жастар кадрлық резерві жобасы болғаны кездейсоқ емес. Мемлекет басшысының мемлекеттік қызметке кіру үшін артық кедергілерді жою жөніндегі тапсырмасы мемлекеттік аппарат жүйесіне жаңа адамдардың, оның ішінде жастардың одан әрі келуіне ықпал ететін болады. Жұмыс тәжірибесінің болуы жөніндегі талапты қоса алғанда, біліктілік талаптарын оңайлату дарынды жастар арасында бәсекелестік іріктеуді жүргізу үшін қолайлы негіз жасайды және олардың өз еліне пайда келтіру үшін мемлекеттік қызметке кіруіне мүмкіндік береді.

Халықаралық құқық нормаларында мемлекеттік лауазымға орналасуға үміткер азаматтарға қойылатын біліктілік талаптарына, сондай-ақ мемлекеттік қызметші лауазымына орналасуға конкурс өткізуге және конкурс өткізу туралы хабарландыру орналастыруға қатысты ережелер көзделеді.

Мәселен, 1966 жылғы Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің 25-бабына сәйкес (Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 28 қарашадағы № 91 Заңымен ратификацияланған)⁸, әрбір азамат 2-бапта көрсетілген қандай да бір кемсітушіліксіз және негізсіз шектеулерсіз өз елінде жалпы теңдік жағдайында мемлекеттік қызметке қабылдану құқығы мен мүмкіндігіне ие болады.

Біріккен Ұлттар Ұйымының 2003 жылғы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясының (Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 мамырдағы № 31-IV Заңымен ратификацияланған) (бұдан әрі – Конвенция)⁹ 7-бабына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа аса осал деп сана-

⁶ Сколько чиновников в Казахстане? Среди штатной численности акиматов лидирует Восточно-Казахстанская область // inbusiness.kz/ru/last/skolko-chinovnikov-v-kazahstane (25.04.2022ж.)

⁷ Президенттік жастар кадр резервінің кейбір мәселелері туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 27 тамыздағы № 141 Жарлығы // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1900000141> (25.04.2022ж.)

⁸ Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіні ратификациялау туралы Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 28 қарашадағы № 91 Заңы. // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z050000091> (25.04.2022ж.)

⁹ Біріккен Ұлттар Ұйымының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясын ратификациялау туралы Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 мамырдағы № 31 Заңы // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z080000031> (25.04.2022ж.)

латын мемлекеттік лауазымдарды атқару үшін кадрларды іріктеудің және оқытудың, қажет болған жағдайда мұндай қызметкерлерді осындай лауазымдарда ротациялаудың тиісті рәсімдерін қарастырады.

Әрбір қатысушы мемлекет кандидаттар мен мемлекеттік қызметке сайлау критерийлерін белгілеу мақсатында Конвенцияның мақсаттарына сәйкес және оның ішкі заңнамасының негізгі қағидаттарына сәйкес тиісті заңнамалық және әкімшілік шараларды қабылдау мүмкіндігін қарастырады.

Соңғы жылдары мемлекеттік қызмет жүйесінде жүргізілген реформалар, ең алдымен, кадрларды іріктеу және жоғарылату кезінде меритократия қағидатын күшейтуге бағытталған. Бұл басымдықты таңдау Мемлекет басшысының мемлекеттік аппараттың тиімділігін арттыру және мемлекеттік қызметшілердің қызметін қоғамға қызмет етуге бағдарлау жөніндегі нұсқауларына негізделген. Қойылған міндеттерді тиімді іске асырудың негізінде адами капитал, мемлекеттік аппараттың кәсіби құзыреті жатыр.

Халықаралық тәжірибеде меритократия мемлекеттік қызметшінің еңбегі лайықты бағаланып, мансаптық және әлеуметтік өсуге мүмкіндік беретін сіңірген еңбегін тану ретінде қарастырылады. Бұл принцип Сингапурдың мемлекеттік қызметінде кеңінен қолданылады, оның тәжірибесі Қазақстанда мұқият зерттелген. Меритократия қағидатын негізге ала отырып, қызметте жоғарылату барысында адамның қабілеттеріне баса назар аударылады.

ЕО елдеріндегі кадр саясатына келетін болсақ, мемлекеттік қызметшілердің кәсіби және шығармашылық әлеуетін дамыту ЕО елдерінің мемлекеттік кадр саясатының басымдықтарының бірі болып табылады.

Кадр саясаты деп мемлекеттік қызметшілердің талаптарын қалыптастыру, оларды іріктеу, кәсіптік даярлау жөніндегі мемлекеттің жалпы бағытын, сондай-ақ тұтастай алғанда мемлекеттік қызметті дамыту перспективаларын түсінген жөн. Мемлекеттегі экономикалық және әлеуметтік реформалардың табысты жүргізілуі мемлекеттік қызмет құрылымдарының кадрлық әлеуетіне тікелей байланысты.

ЕО-ға мүше елдердің мемлекеттік қызмет жүйелерінде қарастырылған қызметкерлерді жалдау рәсімі екі принципті біріктіреді:

1) кез келген білікті азаматтың мемлекеттік (азаматтық) қызметке тең қол жеткізу құқығы. Әрбір азамат мемлекеттік қызметті регламенттейтін заңда көзделген

талаптарға, сондай-ақ осы бос орынға ізденушілерге қойылатын талаптарға сәйкес келген жағдайда, жария лауазымға орналасуға құқылы;

2) мемлекеттік басқару құрылымдарының мемлекеттік қызметке үздік кандидаттарды жалдауға мүдделілігін айқындайтын үздік кандидаттар қағидаты [1].

Мемлекеттік басқаруы Француз концепциясының ықпалымен қалыптасқан елдер үшін тең қолжетімділік принципі шешуші болып табылады (оларға Испания, Италия, Франция кіреді). Сонымен қатар, Голландия және Скандинавия елдері сияқты елдер ең үздік кандидаттар қағидатын қалайды.

Белгілі бір дәрежеде екі жүйенің белгілері бірқатар елдердің мемлекеттік қызметті ұйымдастыруында байқалады.

Осылайша, ЕО-ға мүше елдер мемлекеттік басқару үшін кадрды іріктеу және жалдау жүйесін әзірледі, ол екі қағиданы да ескереді. Мысалы, Германияға мемлекеттік қызметшінің мамандануына назар аударылады атап өту қажет, Франция мен Ұлыбританияда мемлекеттік қызметшінің әкімшілік, сондай-ақ техникалық арнайы функцияларды орындау шеберлігіне көбірек көңіл бөлінеді.

ЕО кадрларды іріктеумен, емтихандар, сұхбаттармен, сондай-ақ қажетті мамандарды іріктеуді жүзеге асыратын агенттіктердің делдалдық ұйымдарының көмегімен сипатталады. Үкіметтік дәрежедегі қызметшілерді жұмысқа қабылдауға қатысты ерекше дәстүрлер мен формалар қалыптасқан. Сонымен, Ұлыбританияда барлық мемлекеттік қызметшілер санаттар мен топтарға бөлінеді. Ағылшындық кадрларды іріктеу жүйесі адамның қажетті білім деңгейін иемдену ғана емес, туындаған мәселені шешуге шығармашылық тұрғыдан қарау қабілетіне де негізделген. Жоғары дәрежелі қызметкерлерді қабылдауды 1855 жылы құрылған Мемлекеттік қызмет комиссиясы жүзеге асырады. Бос лауазымдарға орналасуға емтихандар мен сұхбаттар Оксфорд және Кембридж университеттерінің бағдарламалары бойынша өткізіледі. Ұлыбританияның мемлекеттік қызметшілерінің жоғары интеллектісі, нәтижеге қол жеткізе білу және адамдармен қарым-қатынас жасай білуі секілді қасиеттерге ие болуы тиіс [2].

Франция заңнамасына сәйкес, егер ол француз азаматтығы болмаса, моральдық талаптарға сай келмесе, әскери қызмет туралы заңнаманы бұзған жағдайда (үміткер әскери қызмет өткеруі немесе одан босатылуы керек), өтініш беруші мемлекеттік қызметке

қабылдана алмайды.

Мемлекеттік қызметке қабылдау кезінде жұмыс шарттары ескерілмейді, өйткені олар ережелері тиісті санаттағы барлық мемлекеттік қызметшілерге қолданылатын нормативтік актілермен айқындалады. Мемлекеттік қызметшілерге еңбек заңнамасының нормалары қолданылмайды.

Германияда мемлекеттік қызметшілерге қойылатын негізгі талаптар – бұл кәсіптік білім беру және алдын ала арнайы дайындық (түрлері мен мерзімдері лауазымдық жағдайына қарай сараланады). Үздіксіз білім алу мемлекеттік қызмет жүйесінде ілгерілеу және ротацияны қолдану үшін қажетті шарт. Оқыту бағдарламаларының кең ауқымы лауазымды тұлғаның ресми кезеңде үздіксіз кәсіби дамуы үшін тұрақты кепілдіктерді құру мүмкіндігін тудырады. Білім беру бағдарламалары модульдік принцип негізінде құрылады және бұл оларды қоғамның қажеттіліктерін қанағаттандыра отырып, тез бейімделуге мүмкіндік береді [3].

Францияда мемлекеттік қызметшілерді оқыту бастапқы кәсіби дайындықтан және мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттырудан тұрады («үздіксіз кәсіби оқу»). Осылайша, әртүрлі министрліктердің мемлекеттік қызметшілер корпусына тікелей конкурстар ұйымдастырылады. Бұл француз үлгісін ағылшын және неміс үлгілерінен ерекшелендіреді. Өз кезегінде Францияда Германиядағы сияқты мемлекеттік қызметшілерді оқыту жүйесі орталықтандырылған және көп деңгейлі құрылымдарға ие. Алайда, егер неміс оқу бағдарламалары, атап өтілгендей, экономикалық және құқықтық пәндердің жоғары тепе-теңдігімен ерекшеленетін болса, онда француздық көзқарас экономиканы терең зерттеуге бағытталған [4].

Испанияда қызметкерлерді іріктеу әкімшілік құқық, мемлекеттік экономика, мемлекеттік басқару, бюджет және қаржы менеджменті бойынша ашық конкурстық емтихандар арқылы жүзеге асырылады. Бұл бағыттағы жаңашылдықтардың қатарында түлектердің бірнеше ай бойы міндетті өндірістік тәжірибеден өтуі де бар. Бұл олардың мемлекеттік басқару саласында тұрақты жұмыс табуына мүмкіндік туғызады [4].

Ұлыбританияда мемлекеттік қызметке қабылдау үшін кандидаттарды іріктеуді Мемлекеттік қызмет жөніндегі комиссия, сондай-ақ тікелей министрліктер мен мекемелер жүргізеді. Мемлекеттік қызметке кандидаттарды бағалау және іріктеу агенттігі іріктеуде қосалқы рөл атқарады. Қа-

былдау процестері лауазымның деңгейіне, тобына және сипатына байланысты ерекшеленеді. Орта және кіші буын қызметкерлеріне конкурс өткізу комиссиялардың жалпы бақылауында болғанымен, оны тікелей министрліктер мен мекемелердің өздері жүргізеді. Министрліктер мен ведомстволар қызметкерді іріктеу кезінде мемлекеттік қызметке кандидаттарды бағалау және іріктеу жөніндегі агенттіктің қызметтерін пайдалануға құқылы. Мемлекеттік қызмет мамандары – заңгерлер, экономистер, инженерлер, әкімшілер комиссия анықтайтын арнайы конкурс нәтижесінде іріктеледі. Комиссия жалпы алғанда орындаушыдан бастап, орта және басшы лауазымдарға дейінгі кадрларды іріктеумен айналысады. Қызметке үміткерлердің конкурсын Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі комиссияның төрт бөлімшесі жүзеге асырады. Әрбір бөлім белгілі бір топтар бойынша іріктеуге маманданған: әкімшілік лауазымдар бойынша бөлім, ғылыми лауазымдар бойынша бөлім, технологиялық лауазымдар бойынша бөлім, жалпы бөлім (ақпараттық және басқа да мамандандырылған лауазымдарға заңгер-кандидаттарды іріктеу). Мемлекеттік лауазымдарға кандидаттарды іріктеу процесі бірнеше кезеңнен тұрады. Олардың біріншісі – берілген тақырып бойынша жазбаша баяндама. Конкурстан сәтті өткен жағдайда тестілеу мен сұхбаттар өткізіледі. Қазіргі уақытта тестілеу және сұхбат нысандары үміткерлердің қабілеттерін бағалауда ерекше маңызға ие. Осыдан кейін бөлім өкілдері жинақталған бағалау негізінде түпкілікті іріктеу бойынша қорытынды әңгімелесу өткізеді, оның негізінде кандидатты қызметке қабылдау мәселесі шешіледі. Сондай-ақ кандидаттар оқу курстарын аяқтаған оқу орындарының – мектептер мен университеттердің ұсынымдары ескеріледі [5].

Дамыған елдердің тәжірибесін негізге ала отырып, көптеген дамыған мемлекеттерде мемлекеттік қызметке үміткерлерді іріктеуді тәуелсіз органдар бақылайды деген қорытынды жасауға болады. Бұл органдардың құқықтық мәртебесі «Мемлекеттік қызмет туралы» заңмен бекітілген. Кадрларды іріктеу мен орналастыруды одан әрі жетілдіру талап етіледі. Бұл ретте мемлекеттік қызметті ұйымдастырудағы барлық оң тәсілдерді барынша пайдалану, жұмыс тәжірибесі мол кәсіби кадрларды сақтауға және жетілдіруге аса назар аудару ұсынылады. Оқыту процесінде тек теориялық білім алып қана қоймай, ірі ұйымдарды басқару дағдыларын

менгеруі қажеттілігін ескерген жөн.

Қазақстандағы әкімшілік реформаның негізі ХХ ғасырдың екінші жартысынан бастап Батыста кең тараған басқарушылық тәсіл негізінде мемлекеттік басқаруды жаңғырту идеясы болуы тиіс.

Қорытынды

Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет жүйесінде соңғы жылдары жүргізілген реформалар негізінен кадрларды іріктеу және жоғарылату кезінде меритократия қағидатын күшейтуге бағытталған болатын. Бұл басымдықты таңдау Мемлекет басшысының мемлекеттік аппараттың тиімділігін арттыру және мемлекеттік қызметшілердің қызметін қоғамға қызмет етуге бағдарлау жөніндегі нұсқауларына негізделген. Қойылған міндеттерді тиімді іске асырудың негізінде адами капитал, мемлекеттік аппараттың кәсіби құзыреті жатыр.

Мемлекет басшысының тапсырмасын іске асыру шеңберінде әзірленген «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Мемлекет басшысының жекелеген тапсырмаларын іске асыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы (Заң жобасы) Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызметі туралы» 2015 жылғы 23 қарашадағы № 416-Қазақстан Республикасының Заңына (Мемлекеттік қызмет туралы заң) әзірлеуші-орган конкурстан тыс әкімшілік мемлекеттік лауазымды атқаруға құқығы бар адамдардың тізбесін кеңейтетін жаңа тармақпен толықтыруды ұсынады, 15-бап мынадай мазмұндағы 7-тармақпен толықтырылған: «7. «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарының уәкілетті органымен келісім бойынша конкурс өткізілмей-ақ; орталық мемлекеттік органның дербес құрылымдық бөлімшесінің басшысы; орталық мемлекеттік органның аумақтық бөлімшесінің және оның облыстағы, республикалық маңызы бар қаладағы, астанадағы департаментінің басшысы; жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын облыстық атқарушы органның, республикалық маңызы бар қаланың, астананың атқарушы органының басшысы; орталық мемлекеттік органның бөлім басшысының орынбасары; Жоғарғы Соттың қызметін ұйымдастырушылық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті орган басшысының орынбасары; Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сот Кеңесі Аппараты

басшысының орынбасары.».

Мемлекеттік қызмет туралы заңға сәйкес жұмыс істеп жүрген судьялар, депутаттар, саяси қызметшілер және басқа да адамдар секілді конкурстан тыс мемлекеттік әкімшілік лауазымға ие болуға құқылы адамдардың тізімі онсызда айтарлықтай кең деп есептейміз.

Осы ұсыныс мемлекеттік қызметке кіру кезіндегі теңдік қағидатына қайшы келеді (4-бап Мемлекеттік қызметтің негізгі қағидаттары, 6-тармақ) және басқа кандидаттардың тең құқықтарын бұза отырып, олардың құқықтық мүмкіндіктерін тарылтады деп санаймыз.

Сондай-ақ, Заң жобасында «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңның 27-бабына өзгерістер енгізу ұсынылады, оған сәйкес «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымына орналасуға конкурс өткізу «Б» корпусының лауазымдарына заңнамада белгіленген кезеңдерді жоюды ұсынады. Заң жобасына сәйкес баптың жаңа редакциясы ұсынылып отыр. «Конкурсты өткізу тәртібін уәкілетті орган айқындайды».

Бұл ұсыныста сыбайлас жемқорлық тәуекелдері бар деп айтуға болады, себебі белгісіз және әртүрлі түсіндіруге және басқарушылық қалауға мүмкіндік береді. Мысалы, «кезеңдер мен олардың реттілігін» көздейтін қолданыстағы норма кандидаты іріктеу кезінде меритократия қағидатын сақтау мақсатына ие. Мәселен, Қазақстан Республикасында мемлекеттік қызмет өткерудің құқықтық негізін Қазақстан Республикасының Конституциясы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы, Мемлекеттік қызмет туралы заңдар, Мемлекет Басшысының бағдарламалық құжаттары және басқа да құқықтық актілер құрайды, осыған байланысты Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген Нормативтік құқықтық актілердің санамаланған сатысын міндетті түрде сақтау қажет. Сондай-ақ, мемлекеттік қызмет туралы заңның қолданыстағы нормалары кеңінен түсіндіруге жатпайтын конкурстық іріктеуді жүргізудің дәйекті кезеңдерін белгілейтінін атап өту қажет. Іс жүзінде мұндай жағдай конкурстық комиссияны бастамашылдықтан айырады және әлемдік практикада кеңінен қолданылатын іріктеудің өзге әдістерін қолдану мүмкіндігін айтарлықтай шектейді. Осының негізінде оларды лауазымдардың ерекшелігіне байланысты заңға тәуелді деңгейде реттеу ұсынылады.

1995 жылғы 30 тамыздағы республика-

лық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабы 3-тармағының 1) тармақшасына сәйкес Парламент аса маңызды қоғамдық қатынастарды реттейтін жеке және заңды тұлғалардың құқық субъектілігіне, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына, жеке және заңды тұлғалардың міндеттері мен жа-

уапкершілігіне қатысты негізгі принциптер мен нормаларды белгілейтін заңдар шығаруға хақылы.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде бұл мәселелер заңнамалық деңгейде реттелуге тиіс деп пайымдаймыз, себебі олар Парламент пен оның Палаталарының құзыретіне жататын мәселелерді тікелей қозғайды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Алтухова Н.Ф. Компетентностный подход в управлении кадрами государственной службы на основе онтологии / Н.Ф. Алтухова, Е.В. Васильева, М.В. Мирзоян // Бизнес-информатика. - 2018. - № 1(43). - 17-27 б.
2. Хусаинов У.Ш. Некоторые вопросы отбора кадров на государственную службу // Право. Журнал Высшей школы экономики. - 2016. - № 3. - 139-147 б.
3. Саламатин Е.Ю. Международный опыт правового регулирования государственной гражданской службы: актуальные вопросы для российских реформ // Международное публичное и частное право. - 2006. - № 5. - 57-69 б.
4. Халиков М.И., Галиуллин Т.Т. Зарубежный опыт государственной службы. - Уфа, 2007. 46-47 б.
5. Турчинов А.И. Управление процессом формирования и использования резерва государственных служащих // Социологические исследования в системе государственной службы 1992–2002. - М.: Орел, 2002. - 196 б.

REFERENCES

1. Altuhova N.F. Kompetentnostnyj podhod v upravlenii kadrami gosudarstvennoj sluzhby na osnove ontologii / N.F. Altuhova, E.V. Vasil'eva, M.V. Mirzoyan // Biznes-informatika. - 2018. - № 1(43). - 17-27 b.
2. Husainov U.Sh. Nekotorye voprosy otbora kadrov na gosudarstvennuyu sluzhbu // Pravo. Zhurnal Vysshej shkoly ekonomiki. 2016. № 3. 139–147 b.
3. Salamatin E.Yu. Mezhdunarodnyj opyt pravovogo regulirovaniya gosudarstvennoj grazhdanskoj sluzhby: aktual'nye voprosy dlya rossijskih reform // Mezhdunarodnoe publichnoe i chastnoe pravo. 2006. № 5. 57 b.
4. Halikov M.I., Galiullin T.T. Zarubezhnyj opyt gosudarstvennoj sluzhby. Ufa, 2007. 46–47 b.
5. Turchinov A.I. Upravlenie processom formirovaniya i ispol'zovaniya rezerva gosudarstvennyh sluzhashchih // Sociologicheskie issledovaniya v sisteme gosudarstvennoj sluzhby 1992–2002. M.: Orel, 2002. 196 b.